

**Тасқала аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 18 ақпандағы N 12-4 "Тасқала ауданы бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 23 ақпандағы N 22-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 9 наурызда N 7-11-116 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2011 жылғы 30 наурыздағы N 32-2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2011.03.30 N 32-2 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы", "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" заңдарына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ** **ЕТЕДІ:**

1. "Тасқала ауданы бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2009 жылғы 18 ақпандағы N 12-4 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-11-90 болып тіркелген, 2009 жылғы 20 наурыздағы "Екпін" газетіне жарияланған), келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 тармағындағы:

1 тармақшадағы "35 000" деген сандар "50 000" деген сандармен өзгертілсін;

3 тармақшадағы "10 000" деген сандар "15 000" деген сандармен өзгертілсін;

4 тармақшадағы "10 000" деген сандар "15 000" деген сандармен өзгертілсін;

5 тармақшадағы "5 000" деген сандар "15 000" деген сандармен өзгертілсін;

2) 12 тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) Амбулаториялық ем қабылдап жүрген сүйемелдеу кезеңіндегі өкпе ауруларына жылына бір реттік материалдық көмек – 15 АЕК көлемінде.";

3) мынадай мазмұндағы 15 тармақшамен толықтырылсын:

"15) Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай: қайтыс болған Ұлы Отан соғысының мүгедектерінің жесірлеріне - 5 000 теңге

;

тыл еңбеккерлеріне - 3 000 теңге көлемінде бір реттік материалдық көмек."  
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

*Сессия төрағасы*

*С. Рахимов*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Қ. Нұрмұханов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК